

Бекітемін:

ЖШС «Ажар Ана-2017» бөбекжай
бағабаласының меңгерушісі:

А.Тұрсынбаева

2023-2024жыл



Мерекелік ертеңгілік



Тақырыбы: «Менің елім-Қазақстаным»

Тәрбиешілер: Жунисова Т. Саметова С.

«Менің елім - Қазақстаным»

Мақсаты: Балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Ол неге аталып өтіледі? Оның қандай рәміздері бар? Ол бізге неге ыстық?

Балалардың патриоттық және адамгершілік сезімін ояту, «Отан» туралы түсініктерін кеңейту. Туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту. Туған жерін сүйуге, қадірлеуге үйрету.

Тәрбиелік іс-әрекеттің көрнекілігі: Қазақстан картасы, суреттер, слайдтар, интерактивті тақта. Сынып тақтасында тақырып пен Желтоқсан құрбандарының суреттері. Олардың астында гүл шоқтары.

Іс-әрекет кезеңдері:

Келген қонақтармен амандасу

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой

Ал, қәнекей бәріміз

Сәлем дейік үлкенге,

Сәләмәтсіздер ме апайлар!

Балалар шаттық шеңберіне тұрады, барлығы бірге қосылып айтады.

Біз Қазақтың баласы

Дені сау салауатты

Біз-ұлттың болашағы

Білімді де сауатты

Тәрбиеші: Құрметті ата аналар, қонақтар! 16-желтоқсан Еліміздің Тәуелсіздік күніне орай даярлық тобымызбен ертеңгілік даярлап отырмыз. Барлығыңызды мерекенізбен құттықтаймын! Кішкене бөбектеріміз сіздерді қуанта берсін! Еліміз тыныш, дендеріміз сау, аспанымыз ашық болсын!

Бұл мереке салтанатты болғандықтан еліміздің әнұранымен ашуға рұқсат етіңіздер!

Әнұран айту. (Барлығы орындарынан тұрып жүректеріне оң қолдарын қояды)

9. Ал бүгінгі өткізіп жатқан шарамыз қандай мерекеге арналып жатыр?

Қазақстанның тәуелсіздік алған күніне

Дұрыс балалар өте жақсы жауаптар бердіңдер. 16 желтоқсан Қазақстанның тәуелсіздік алған күні. Ол күнді біздер ерекше қуанышпен тойлаймыз. Ал ос тәелсіздік деген сөзді қалай түсінесіңдер? (Балалар жауаптары)

Балалар Тәуелсіздік бізге оңайлықпен келген жоқ. Тәуелсіздік мағынасы зор, тамыры терең ұғым. Оған миллиондаған адамдарын құрбандыққа шала отырып қол жеткізеді.

Қазақстан тәуелсіздікке қалай қол жеткізгенін көру үшін тарихқа көз жүгіртейік.

Слайд –шоу арқылы Желтоқсан оқиғасын көрсету.

27 жыл бұрын Қазақ елі Ресейге бағынышты болды. Оған Алматыда бір топ жастар қарсы болып,, Қазақ елін қазақ басқару керек деген ұранмен алаңға шыққан. Тәуелсіздік аңсаған жастар ұлттың намыс құдіретін дүние жүзіне танытқан бұл оқиғаның құрбандары болған Қ. Рысқұлбеков, Л. Асанова, С. Мұхаметжанова, Е. Сыпатаевтардың жүректі үні, ел намысын қорғаған ерліктері мәңгі өшпейді. 1 минут үнсіздікпен еске алу. Осыдан 5 жыл өткесін 1991 жылы 16 желтоқсан күні - «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Осы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі жарияланды. 1991 жылы желтоқсанның 16-сында Қазақстан өз Тәуелсіздігін жариялады. Осылайша әлем картасында Тәуелсіз Қазақстан атты жаңа мемлекет пайда болды. Оның тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды. Міне балалар бұл біздің қысқа ғана тарихымыз. Жоғары сыныптарға барған сайын елімізді өткені туралы әлі де көп біліп, үйренесіңдер.

Ал енді айтыңдаршы биыл тәуелсіздігімізге неше жыл болды? 32жыл

Егемендігіміздің белгісі нелер?

Рәміздеріміз. Ту, Елтаңба, Әнұран.

Ендеше Өзіміз жаттаған тақпақтарымызды ,дайындаған Әндерімізді Тәуелсіздік мерексіне шашу етіп шашайық.

М.Нұрислам:

Тудың түсі көгілдір. Ортасында күн. Күннің астында қыран құс. Оң жағында қазақтың ою-өрнегі. Мемлекеттік тудың авторы— Шәкен Ниязбеков.

Жанеля:

Айнымайды аспаннан

Біздің тудың бояуы

Оны халық қашанда

Биікке іліп қояды.

Айзере:.. Елтаңбаның ортасында шаңырақ. Екі жағында тұлпар, жоғарғы жағында жұлдыз, астында «Қазақстан» деп жазылған. Елтаңбаның авторы- Жандарбек Мәлібеков. Шота Уалиханов.

Гаухар:

Қутты береке шаңырақ
Орын алған ол төрден
Қанатты қос арғымақ
Екі жақтан көмкерген.

Каусар:

Барша халық таныған
Біздің үміт, тілекті.
Шырқалғанда әнұран
Шаттық кернер жүректі

Қыздардың орындауында би: Туған өлкем



Тақлақтар:

Аңсар:

Он алтыншы желтоқсан

Тәуелсіздік алған күн!

Естісін ел үніңді
Дүние түгел естісін
Тәуелсіздік тұяңды,
Билік ұста бүлдіршін

Алуа:

Өзіңдікі елінде
Өзіңдікі Жерің де,
Өзіңдікі өзің еткен бақ,
Тәуелсіздік терінде.

Заңғар:

Мерекеге шығады
Бүкіл халық біліп қой
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік ұлық той

Сабина:

Бейбітшілік күн жаса
Мейірімді асырып
Тәуелсіз күнім жүз жаса
Келеңсіз күнді жасырып

Балалар бәріміз бірігіп Отан туралы тақпағымызды айтайық
Отан деген-атамекен,
Отан деген-туған жер.
Отан-ана, Отан-үлкен,
Қазақстан-туған ел

Ұлдардың орындауында би: «Солдаттар»



Ж.Нұрислам: «Отансыз адам – Ормансыз бұлбұл»

Аңсар: «Туған жерге туынды тік»

Мүслим: «Отанды сүйу- отбасынан басталады.»

Абдурахман: «Отаның берік болса, жауың алмайды.»

Хор: «Тәуелсіздік ұраны»

Балалар жарайсыңдар! Өздерің Отандарыңды қалай сүйетіндеріңді дәлелдеп бердіңдер!
Осылай еліміз,жеріміз гүлдеп ,жайнай берсін!

Аяна:

Жасай берсін Ұлы күн,

Үміті боп елінің,

Ақ күні боп баланың,

Шаттығы боп атаның



Ерке:

Он алтыншы желтоқсан-

Елдің ұлы мейрамы.

Жаңа шыққан көктемдей,

Жаз күніндей жайдары

Нұрдана: